

## Мен оқыған кітап

Кішкене күннен бізге ата-әжемiз, ата-анамыз жиі айта беруші еді: “қызым кітап оқы” деп. Халық ауыз әдебиетінде де: “күш бiлiмде, бiлiм кітапта”, “кітап – тiлсiз мұғалiм”, “кітап – алтын қазына” деген секiлдi кітап маңыздылығының астын сызып айтатын мақалдардың түрлi түрлiсi бар. Кітап – белгiлi бiр жанрда жазылатын баспасөз басылымы. Кітап оқып, бiз есте сақтау, қиялдай алу, көзге елестете алу қабiлетiмiздi, сөздiк қорымызды дамыта аламыз. Жалпы, кітап оны қасиеттi деп дәрiптеуге әбден лайық.

Мен кітап оқығанды қатты ұнатамын. Фэнтези, детектив, лирика, драма, психологиялық жанрдағы кітаптарды жаным сүйедi. Бұрында әдеби жанрдағы шығармаларды көптеп оқысам, соңғы кездерi детектив жанрындағы, махаббат жанрындағы романдарды, жалпы шетелдiк жазушылардың туындыларын көбiрек оқып жүрмiн. Ал осы детектив жанрындағы романдардың ең базасы – Агата Кристи. Мен бұл жазушының романдарын сүйiп оқимын. Соңғы оқығаным және ұнатқаным - “Призраки в Венеции” болды. Бiрiншiден, кітап мазмұны өте құпия әрi мейрамдық вайбпен басталады. Бұл шығармадағы iс-әрекет 1947 жылы хэллоуин қарсаңындағы соғыстан кейiнгi Венецияда жүзеге асырылады. Роман сюжетi зейнетке шыққан iздеушi Эркюль Пуаро мен оны бiр мистикалық сеанс өткiзетiн, өлiлермен сөйлесе аламын деп жұртты сендiрген медиумды әшкерелеудi өтiнген, өз кітабына шабыт iздеп жүрген оның бұрынғы құрбысы Оливерден басталады. Екiншiден, күтпеген қылмыстардың адамдар дәл көз алдында жүзеге асуы. Бұл сеанс қызы өзiне қол жұмсап, оның қайтыс болуынан кейiн қайғы жұтып отырған Ровена атты әйелдiң үйiнде ұйымдастырылады. Туынды барысында детектив ол медиумның құпиясының шешiмiн тапқандай болады. Алайда, сеанстан кейiн ол үйде түрлi күтпеген жайттар бола бастайды. Солардың ең бiрiншiсi Пуароны тұншықтырып, қашып кеткен және дәл содан соң медиумдi өлтiрген қылмыскерден басталады. Ары қарай бұл үйде өзге де қылмыстар бiрiнен соң бiрi бола бередi. Үшiншiден, Пуароның не болса да өз ұстанымынан бастартпауы. Себебi Пуаро бұл қылмысты зерттей жүрiп, ойға сыймайтын мистикалық дүниелермен кездеседi. Әрине бұның бәрi өмiр бойы логикаға сүйенiп келе жатқан детективтi сан соқтырады. Бiрақ өз принциптерiне берiк тыңшы бар тапқан айғақтарын ой елегiнен өткiзе отырып, ең соңында бұл құпия жайттардың бәрiнiң кiлтiн табады. Жалпы, бұл кітапты оқи отырып, жұрттың өмiрдегi кейбiр түсiнуге қиыншылық туғызатын жағдайларды мистикалық дүниелермен түсiндiрiп, бетiн жаба салуының дұрыс еместiгiн және қандай жағдай болмасын өз ұстанымыңа берiк болуың қажет екенiн түсiндiм. Бәлкiм, сiз мистика деп жүрген жағдай әр қадамы алдын ала жоспарланған қылмыс..

Қорыта келгенде, бұл кітап маған қатты ұнап қалды. Мен көптеген заттарға өз көзқарасымды өзгерте алдым. Ал, осы кітапты қазiргi кезде оқитын адамдардың саны азайып бара жатқаны менi әбден қынжылтады. Сiз өз араңызда кітап оқитын адамды қаншалықты жиi кездертiресiз? Жауап анық. Жиi емес. Менiңше, бұл мәселенiң себебi - жастар мен ересектердiң көбiнесе әлеуметтiк желiде отыруында. Ал, осы мәселенi мен журналист болсам, арнайы бiр бағдарлама ашу арқылы шешушi едiм. Ол бағдарламада түрлi кітаптармен көрермендердi таныстырып, талдар едiк. Ал оны халыққа жеткiзу тәсiлi дұрыс болса, менiң ойымша бұл бағдарламаның арқасында кітап оқырмандарының санын көбейтуге болады. “Кітап – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиетi” демекшi, егер бiз саналы ұрпақ өсiргiмiз келсе, онда бiз ең бiрiншi БАҚ-ты кітапқа деген қызығушылықты арттыру деген секiлдi құнды мақсаттарға бағыттауымыз қажет.